Сонымен, туризм әлеуметтік институтының эволюциясын төрт кезеңге бөлеміз: институттанудан алдыңғы кезеңі туризм даму кезеңі; туризм институттануының алғашқы кезеңі; туризмнің институттық белгілерінің даму кезеңі; туризм институтының ұлттық деңгейде дамуы мен әлемдік туристік процестерге интеграциясы кезеңі.

1-кезең. Туризмнің институттанудан алдыңғы кезеңі – туризмнің даму кезеңінің басым бөлігін, яғни көне заманнан жаңа заман кезеңіне дейінгі уақытты құрайды. Осы кезеңде туризмнің негізі салынып, ғалымдар тарапынан жаңа жерлер зерттеліп, сипатталған еңбектері жарияланып, мемлекеттер мен аймақтар туралы жағрафиялық мәліметтер жинақталды.

Туризм – өркениетті қоғамнан бұрын пайда болды. Адамзат тарихының әрбір дәуірінде туризмге тікелей не жанама түрде байланысатын қызметтердің болуы, жергілікті өркениеттердің пайда болуына негіз болып, әлемдік өркениеттің қалыптасуына себебін тигізді.

Адамзат қашанда саяхаттаумен айналысқан. Алыс және Қиыр Шығыс болсын, Жерорта теңізінің жергілікті халықтары болсын, өз саяхаттары туралы жазбалар қалдырған. Бұл жазбалардың негізінде Көне Рим, Греция және Қытайдағы жаулап алушылық артқан сайын қоғам қаймағы өкілдерінің түрлі себептермен саяхаттау санының артқанын баяндайды. Мысалы өзінің қысқа әрі ұзақ саяхаттары туралы Геродот жазба деректер қалдырған. Бұл секілді шексіз деректерде жергілікті әрі саяхаттау орындарының діні, ділі, мәдениеті, өркениет жетістіктері, қонақжайлылықтары мен тілі, мәдениет ерекшеліктері суреттелген. Көне заманнан туристік саяхаттар түрлі мемлекеттер мен халықтар арасында түрлі қарым-қатынастардың негізгі себепшісі болды. Геродот, Страбон, Помпей, Эрос, Диаген және т.б. аты тарихта қалған философтар мен жазушылар қазіргі Қазақстанның ұланғайыр жерлерінде өмір сүретін халықтың өмір сүру салтын, мәдениетін баяндаған жазбалары осы түрлі саяхаттардың негізі болды. Орта ғасырларда Қазақстан жеріндегі халықтардың мәдениеті, өмір сүру салты және т.б. туралы мәліметтер араб, түрік, парсы жазушыларының еңбектерінде табылды. Бұл саяхаттаушылардың көбі білім адамдары, шенеуніктер, дипломаттар, әскери адамдар еді. Ол кезеңдерде қазіргі замандағы қонақжайлылықтың бастапқы сатылары қалыптасып, керуендерде саяхаттаушыларға тамақтану, қонақтау, валюта ауыстыру, көңіл көтеру мүмкіндіктері ашылды. Сол кездегі Жібек Жолы бойындағы жерлер қазіргі заманда туристік потенциалы жоғары объектілерге жатады.

«Алтын Орда» заманында демалыс орындарының бірі – Еділ өзенінің төменгі жағасында орналасқан «Сарайшық» қаласы. Алтын Орданың бетке тұтарлары мен қалталыларының Сарайшыққа аң аулауға, балық аулауға, демалу мен емделу мақсатында жиналатын орны болатын.

2-кезең. Туризм институттануының алғашқы кезеңі – XVII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысына дейін созылды, қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер нәтижесінде жаңа әлеуметтік таптар пайда болуымен байланысты. Бұл кезеңде қызметкерлердің берілген жылдық демалыс ақысы, қарқынды дамыған поездер желісі қалың жұртқа саяхаттауға және туризм институтының жаңа кезеңінің бастауына мүмкіндік берді. Осы кезеңде туристік қызметтің әлеуметтік рөлмен байланысты танымдық, рекреациялық құндылықтарының негізі салынып, көлік, тамақтану, курорттар мен саяхаттаудың маманданулы, ұйымдық және қаржылық қызығушылықтар мен туризмдегі әлеуметтік қанағаттану кешенінің субъектілік-объектілік байланыстардың бастапқы формаларының негізі салынып, туризмнің мақсаттық мінездемесі өзгерді.

XIX-шы ғасырда Қазақстан жерінде Жібек Жолы өтетін аймақтарда екі-үш қабатты керуен сарайларда қазақтың және орыстың қалталылары элиттік туризм қолданушылары болды. Бөкей Ордадағы кітапханалар, ән-күйдің жинағы, әдеби әсерлер және т.б. халықтың кешкі ойын-сауықтарына негіз болған деседі. Осы кезеңде туризм институтының туристік қызметтің негізгі мотивтері мен ынталандырушылары қалыптасып, туристік ресурстар түрлері мен оларды қолдану қызығушылықтары, кеңістіктік-жағрафиялық бағдарлары қалыптасты.

3-кезең. Туризмнің институттық белгілерінің даму кезеңі – XIX және XX ғг. басы. XIX ғасырдың екінші жартысынан туризм саласында маманданған кәсіпорындардың саны артып, туристердің туристік қажеттіліктерін қанағаттандыруға негізделген. Мәселен Қазақстанда осы заманда, ең алғаш «турист» терминін қолданған Ш. Ш. Уәлиханов болды. Күнделіктерінде оның оқиғалы туризмге беріліп, атпен ұзақ қашықтықтарға саяхаттауды ұнататыны жазылған. Осыған сай Ш.Уәлихановты Қазақстан туризмінің негізін құрушы саяхаттаушы деп тани аламыз. Оның Алтынсарайға, Қашқарға және Шығыс Түркістанға жасаған саяхаттары оқиғалы туризмнің Қазақстандағы жақсы үлгі бола алады. Жетісу жеріне саяхаты барысында Уәлихановтың сызған сызбалы картасы жолды

анық көрсететін алғашқы карталардың бірі болып, бұл жерлердің фаунасы, флорасы, климаты, этнографиясы мен мәдени құндылықтары және фольклоры Ш. Ш. Уәлихановтың тарапынан жасалған бірнеше зерттеулерге негіз болды.

XX ғасырдың бірінші жартысында бірінші дүниежүзі соғысынан кейінгі дағдарысқа қарамастан, орта таптың артуы және өмір сүру деңгейінің жоғарылауы туризмді бұқаралық күйге ендірді. Осы кезеңдегі туристердің мақсаты тек саяхаттау ғана емес, білім алу, танымдық мақсаттарды құрады. Туризм саласының әлеуметтік базасы артып, туристік нормалар, құндылықтар мен жосық үлгі-лерінің бұқаралық негізі салынды. Туризм саласының материалдық және ұйымдық негіздерінің қарқынды даму кезеңі басталып, құқықтық-нормативті жүйесі қалыптасты.

4-кезең. Туризм институтының ұлттық деңгейде дамуы мен әлемдік туристік процестерге интеграциясы кезеңі – қазіргі таңда жалғасуда. Ғалымдар бұл кезеңнің пайда болуын XX ғасырдың екінші жартысынан бастау алды деп есептейді. Бұл кезең – туризм институтының мәртебесін бекітетін, туристік процестің қатысушыларының қарым-қатынастарын, құқықтары мен жауапкершіліктерін реттейтін нормативті-құқықтық негіздері қалыптасып, әлеуметтік-субъектілік кеңістіктің халықаралық деңгейге шығуына мүмкіндік берді.

ӘДЕБИЕТ

1 Social and Cultural Dimensions of Tourism // World Bank Staff Working Paper No. 326, April 1979, pg. 2.

2 Осауленко А.П. Туризм как социальный институт: Автореф., 2002.

3 Ли Е.Р. Социальная организация и управление сферой туризма в условиях современной России: теоретико-методологический анализ: Автореф., 2002.

REFERENCES

1 Social and Cultural Dimensions of Tourism. World Bank Staff Working Paper No. 326, April 1979, pg. 2.

2 Osaulenko A.P. Turizm kak social'nyj institut: Avtoref., 2002.

3 Li E.R. Social'naja organizacija i upravlenie sferoj turizma v uslovijah sovremennoj Rossii: teoretiko-metodologicheskij analiz: Avtoref., 2002.

Резюме

Х. М. Маманова, А. Болатхан

(Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан)

ГЕНЕЗИС ФОРМИРОВАНИЯ И РАЗВИТИЯ ТУРИЗМА КАК СОЦИАЛЬНОГО ИНСТИТУТА

В статье рассматривается генезис формирования и развития туризма как социального института. Каждый социальный институт в достижении институциональных характеристик, целей, социальных ролей и позиции проходит определенный эволюционный путь. В процессе формирования и развития института туризма, история которой начинается с завоевания и освоения новых земель в античные времена, преобразовался в стабильный, имеющий влияние на мировую экономику, социальные и политические процессы современного мира полноценный социальный институт.

Ключевые слова: институт туризма, хронология формирования и развития института туризма.

Summary

Kh. M. Mamanova, A. Bolatkhan

(Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan)

GENESIS OF THE FORMATION AND DEVELOPMENT OF TOURISM AS A SOCIAL INSTITUTION

In this article, considered the genesis of the formation and development of tourism as a social institution. Every social institution in achieving institutional characteristics, goals, social roles and positions held certain evolutionary path. The history of formation and development of institute of tourism begins with the conquest of the frontier in ancient times and transformed into a stable social institution, having an impact on the global economy, social and political processes of the modern world.

Keywords: institute of Tourism, the chronology of formation and development of the Institute of Tourism.

Поступила 22.04.2014г.